

**Денисов ауданындағы Қырым орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 443 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 қарашада № 4311 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Денисов ауданындағы Қырым орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*

**КЕЛІСІЛДІ**

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ С. Байменова

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы"

республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г. Оспанбекова

Әкімдіктің  
2013 жылғы 16 қазандағы  
№ 443 қаулысына қосымша

**Денисов ауданындағы Қырым орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
№ 1, № 2, № 3 ұңғымалар	Радиусі - әр ұңғыманың айналасында 50 метр	0,8 гектар	Ұзындығы – 232 метр Барынша ені – 672 метр	15,6 гектар	Ұзындығы – 2844 метр Барынша ені – 1422 метр	635 гектар

Ескерту: "Денисов ауданындағы Қырым орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймағының санитарлық-гидрогеологиялық негіздемесінің жобасы" картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші - "Крымское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).